

ӘОЖ 993930930.2930.253

БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ КОНВЕНЦИЯНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ

Жақанова Латифа Зейнуллақызы

zh.lati_02_94@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің 2-курс магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – т.ғ.к., доцент Ғ.И. Көшенова

2006 жылғы 21 ақпанда ҚР Білім және ғылым министрлігінің Балаларды қорғау бойынша комитетте БҰҰ Бала құқығы туралы конвенциясының орындалуы ҚР мерзімді баяндамасын даярлау бойынша отырысы болып өтті. Онда Комитет төрағасының орынбасары Р.П. Шердің төрағалық етуімен жұмыс тобының мүшелері қатысты. Күн тәртібінде екінші баяндаманы әзірлеу мәселесі қарастырылды.

2003 жылы 4 маусымда Женева қаласында БҰҰ Бала құқығы жөніндегі комитеттің 33-сессиясында Бала құқықтары жөніндегі конвенцияның орындалуы туралы баяндама оқылды. 1989 жылы 20 қарашадағы Бала құқықтар ытуралы конвенция Нью-Йорк қаласында 1994 жылы 16 ақпанда қол қойылған конвенция Қазақстанда сол жылы 8 маусымда ратификацияланды.



(Бала құқықтары туралы конвенцияға қол қою сәті, 16.02.1994ж, Нью-Йорк қ., ©UNICEF)

Аталған Конвенцияның қатысушы мемлекеттері қандай жағдайға қарамастан, балалардың құқықтарын құрметтеп, оны қамтамасыз етуге міндеттелген.

Женева қаласында делегация басшысы Ш.К. Беркімбаев баяндамада 4 түрлі мәселеге баса аңазар аударды. Білім беру, денсаулық сақтау, алға қойған міндеттер мен Қазақстандағы бала құқығын қорғау мен қамтамасыз ету мәселесіне арналды.

Көтерілген мәселелер қатарында балалардың азаматтығы, отбасындағы және баламалы отбасылардағы баланың ролі, олардың тынығуы да сөз болды.

Сессия отырысында 150-ден аса қойылған сұрақтарға Қазақстаннан барған делегация мүшелері: Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, Президент жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия мүшелері, Әділет және Денсаулық сақтау министрлігінің өкілдері сұрақтарға жауап берді.

Алғашқы баяндаманы талқылау барысында Парламентпен ратификацияланған балалар еңбегін сату мен жыныстық тиіспеушілігі, қарулы қақтығыстарда балалар күшін пайдалану турлы № 82 Конвенцияны ратификациялағандығы атап өтілді. Қазақстандағы Омбудсмен институтының жұмысы қызығушылық тудырды.

БҰҰ Балалар комитеті балаларды, жасөспірімдерді қолдау аясында денсаулық сақтау, білім беру салаларындағы түрлі жоспарларға оң баға берді.

Сонымен қатар Комитет Қазақстандағы девиантты мінез-құлықты, әлеуметтік жағдайы төмен отбасындағы балалармен жұмыс жасауды жалғастыруды ұсынды.

Қазақстан заңнамасын халықаралық стандарттарға сай ету мәселесі де сөз болды. Осы ретте Қазақстанға 2006 жылғы 10 қыркүйекте өтетін сессияға дейін келесідей ұсыныстар орындау айтылды. Олар:

- Адам құқығы жөніндегі ұлттық орталықта Бала құқықтары жөнінде уәкілді бекіту;
- Мүдделі органдардың аталған саладағы жұмысын үйлестіруде уәкілетті органды бекіту;
- Баяндама әзірлеу міндеттелген уәкілетті органды бекіту;
- Бала құқықтарын жақсарту мақсатында Ұлттық жоспарды бекіту;
- Жоғарғы Сотпен Әділет министрлігіне бірлесе халықаралық стандарттарға сай заңнамалық актілерді даярлау;
- Сыртқы істер министрлігіне басқа да халықаралық келісімдерге ену мәселесін қарастыру ұсынылды.

Баяндаманы әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының мүшесі БҰҰ ЮНИСЕФ Балалар қорының координаторы Е.В. Сельченко өз сөзінде негізгі бөлімде атқарылған жұмыстар қатарын толыққанды көрсету керектігін мәлімдеді. Статистикалық мәліметтер мен әлеуметтік сауалнамаларды көрсету жөн деп санады. Елдегі балалардың ахуалын жасы, жынысы, өңір, әлеуметтік және этникалық топ өкіліне орай жік-жікке болу жолымен көрсету керек деді.

Әділет министрлігі Азаматтық хал-ахуалды тіркеуді ұйымдастыру бөлімінің бастығы З.Т. Нұрабаева 33-сессия жұмысына баяндама оқуға барған делегация құрамында болғандығын айтты. БҰҰ Комитеті Қазақстандағы ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды бақылаудың баламалы әдістерін, оның ішінде «Үміт үйлері», жасөспірімдер үйі, отбасылық типке ұқсас үйлерді жоғары бағалады. Қазақстанның отбасылық тәрбиелеудің жаңа түрлері, қамқоршылық, қорғаншылық, патронат, асырап алушы отбасылар туралы ұсыныстары қолдау тапты. Үкіметтік емес ұйымдарды баяндама әзірлеу жұмысына тарту да сөз болды.

ҚР Адам құқықтары жөніндегі орталықтың Бас сарапшысы А.Х. Арғынов баяндамада Қазақстандағы Кәмелетке толмағандарға арналған уақытша оқшаулау, бейімдеу және қайта қалпына келтіру орталығының жүйесі туралы көрсету керектігімен бөлісті.

Сонымен аталған салада Үкіметтің қаулысымен 2006 жылғы 13 шілдеде Бала құқықтары туралы конвенцияның орындалуы бойынша екінші және үшінші мерзімді баяндама жасалды. Кіріспе бөлім ел мен халқы, қаралатын кезеңдегі балалардың жағдайын

өзгертудің негізгі ағымдары туралы жалпы сипаттағы мәліметтерді қамтыды. Талдамалық материалдардың негізгі бөлімі 10-бөлімнен тұрды және Қазақстан Республикасы қабылдаған халықаралық міндеттемелеріне сәйкес 2003 - 2005 жылдары Конвенция ережелерін жүзеге асыру жөнінде қабылданған шаралар туралы, қол жеткізген прогресс, қазіргі бар қиындықтар мен перспективада Конвенция ережелерін іске асыру жөнінде белгіленген қадамдар туралы ақпаратты қамтыды.

2006 жылғы статистикалық мәліметке сүйенсек 15 млн адам құраса, оның 4 жасқа дейінгі балалардың үлесіне 8,1% (1228,8 мың), 5-тен 15 жасқа дейінгі балалар - 16,1%(24562,1 мың), жастар (15 - 29 жас) - 27,8 %(4228,9 мың) құрағанын көреміз.

Балалардың сапалы білім алуға құқықтарын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылдады.

Аталған бағдарламаны іске асыру үшін мынадай іс-шаралар көзделді:

- 12-жылдық оқуға көшудің нормативтік құқықтық базасын құру;
- білім бағдарламаларының базалық және бейіндік мазмұнын жетілдіру, эксперименталдық оқу жоспарларын, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу және оларға сараптама жасау;
- оқушылар жетістіктерін ішкі ағымдағы және қорытынды бағалау жүйесін құру;
- оқытуды ұйымдастыру қағидаттарын және ондағы оқушының рөлін білімді, дағдыларды селқос "алушыдан" таным процесінің белсенді субъектісіне өзгерту;
- оқушыны тұлға және қызмет субъектісі ретінде дамыту, өмірлік құнды бағдарлар қалыптастыру;
- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім бағдарламаларын жаңарту, пәндік білімнің іргелігін, кең бейінділігін, оларды игеру мен қолданудың шығармашылық деңгейін қамтамасыз ету;
- сапа менеджменті жүйесін енгізу, жоғары оқу орындарының кәсіптік білім бағдарламаларын аккредиттеу үшін жағдай жасау;
- неғұрлым дайындалған жастарды таңдап алу мақсатында студенттік контингентті қалыптастыру тетігін жетілдіру;
- білім гранттарының санын арттыру және студенттердің оқуына кредит берудің жаңа үлгісін жасау жолымен жоғары білімге қол жетімділік деңгейін арттыру;
- білім беру объектілерін салу және қайта жаңарту және олардың материалдық-техникалық базасын нығайту болды.

БҰҰ-ның "ЮНИСЕФ" балалар қорымен бірлесіп, өмір сапасын қамтамасыз ету саласында халықаралық стандарттарға қол жеткізу, "балаға кең пейілді орта құру" үшін мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар мен ұйымдар өкілдерінің қатысуымен көптеген бағдарламалар іске асырылған, мәжілістер, конференциялар, кеңестер өткізілді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен БҰҰ-ның Балалар қоры (ЮНИСЕФ) 2005 жылғы қаңтардан 2009 жылғы 31 желтоқсанға дейін жаңа елдік бағдарламаға қол қойылды, ол 3 құрауыштан тұрды:

1. "Отбасы мен қоғамның әлеуетін нығайту";
2. "Әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру";
3. "Әлеуметтік саясатты әзірлеу және басқару".

Осы бағдарлама 0-ден 18 жасқа дейінгі балаларды дамытуды, оларға білім беруді, қорғау мен қатысуын қамтыды.

5 жыл мерзім ішінде ЮНИСЕФ-тің негізгі ресурстарынан Ынтымақтастық бағдарламасын іске асыруға 4,9 млн. АҚШ доллары жұмсалатын болды және қосымша көздерден 2,2 млн. долларға дейін тарту жоспарланады.

Республикада білім алу құқығына Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген. Қазақстан Республикасы Конституциясының 30-бабына сәйкес азаматтарға міндетті тегін орта білім алуға кепілдік беріледі.

Республиканың ұлттық білім беру моделі білім берудің 4 деңгейін қамтиды, бұл 1997 жылы ЮНЕСКО ұсынған Халықаралық білім беру жіктемесіне сәйкес келеді:

мектепке дейінгі тәрбие және оқыту,

орта білім беру,

кәсіптік жоғары білім беру,

жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру.

2006 жылы республикада жаңа туған және кәмелетке толған (0-ден 18 жасқа дейін) 5 миллионнан астам бала тұрды. Оның: 1 млн. 508 мыңы мектепке дейінгі жастағы балалар, 3 миллионға жуығы - мектеп жасындағы балалар болды.

Аталған баяндамалар жоғары деңгейде әзірленіп, талқылаудан өтіп, бекітілді.

Жалпы алғанда аталған салада мемлекет және халықаралық ұйымдар тарапынан бала құқығын қатмасасыз ету бойынша шаралар жалғаса беретіндігі сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР Ұлттық архиві.144-қ.,1-т.,46-іс,1-2п.
2. ҚР Конституциясы
3. ЮНИСЕФ ҚАЗАҚСТАН интернет ресурсы
4. Бала құқықтары туралы Конвенция // қаулы, 1994.